8D02304 – «Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Мансурова Эльнара Жолдашқызының «Қазіргі қазақ повестеріндегі жанрлық және стильдік ізденістер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	1.1 Қорғауға ұсынылып отырған «Қазіргі қазақ повестеріндегі жанрлық және стильдік ізденістер» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы) басымдықтарына сәйкес келеді. 1) Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» ғылыми бағытына сәйкес AP26101121 «Қазақ детективі: тарихы, формалары, функциялары» (2025-2027 жж.) жоба аясында орындалған. 2) Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы) сәйкес келеді. 3) Диссертациялық зерттеу мазмұны жағынан ҚР Үкімет жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағытына сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері қазіргі гуманитарлық ғылымдағы жаңа әдіснамалық тәсілдерді дамытуға және отандық әдебиеттанудың ғылыми әлеуетін арттыруға бағытталған. Диссертациялық зерттеу мазмұны жағынан 8D02304 – «Әдебиеттану» білім беру бағдарламасының бейініне сай келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертациялық зерттеу отандық әдебиеттану ғылымына елеулі үлес қосады. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы қазіргі қазақ повестерінің жанрлық және стильдік даму үдерістерін жүйелі зерделеуімен айқындалады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	

		1) **жоғары**;	3.1 Диссертация ғылыми стиль талаптарына сай жоғары деңгейде жазылған. Диссертанттың қорғауға ұсынған тұжырымдары мен көркем шығармаларға жасаған әдеби-теориялық талдауларынан өзіндік ғылыми ізденісінің нәтижесі аңғарылады. Зерттеу мәтінінде ғылыми этика мен ғылым мәдениетіне нұқсан келтіретін жайттар байқалмайды.
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	4.1 Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толық негізделген. Зерттеудің өзектілігі қазіргі қазақ повестерінің жанрлық модификациясы мен стильдік ерекшеліктерінің жүйелі түрде зерттелмеуімен, сондай-ақ повестерді талдауда цифрлық мәтінтану құралдарын пайдаланудың қажеттілігімен айқындалады. Диссертант зерттеудің өзектілігін отандық әдебиеттанудағы қазіргі ғылыми ізденістермен сабақтастыра отырып, теориялық және практикалық тұрғыдан негіздеген.
		1) **негізделген**;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	4.2 Диссертацияның кіріспесі, негізгі үш тарауы мен олардың ішкі бөлімдері зерттеу тақырыбын жүйелі түрде ашады. «Повесть жанрындағы мазмұндық ізденістер», «Қазіргі қазақ повестерінің жанрлық модификациясы», «Қазіргі қазақ повестеріндегі стильді анықтаудың аралас талдау үлгісі» атты тараулардың мазмұны диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Тараулар арасында мазмұндық және логикалық сабақтастық сақталған.
		1) **айқындайды**;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	4.3 Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Зерттеу міндеттері жұмыстың мақсатына қол жеткізуге және диссертация тақырыбы аясында қойылған ғылыми мәселелерді жүйелі түрде шешуге бағытталған. Тақырыпты зерттеу барысында диссертант тәуелсіздік кезеңінде жазылған повестердің жанрлық және стильдік ізденістерін кешенді түрде талдай отырып, повестің жанрлық модификациялануын және жаңару механизмдерін анықтап, ғалымдардың пікірлерімен дәйектеген.
		1) **сәйкес келеді**;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	4.4 Диссертацияның бірінші тарауында повесть жанрының даму тарихы мен қазіргі қазақ повестеріндегі мазмұндық, стильдік үдерістер қарастырылып, екінші тарауда жанрдың модификациялану ерекшеліктері талданған. Үшінші тарауда стильдік ерекшеліктерді анықтаудың заманауи талдау тәсілдері ұсынылған. Осыған орай диссертацияның бөлімдері мен негізгі ережелері өзара логикалық және мазмұндық тұрғыдан толық байланысқан.
		1) **толық байланысқан**;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	4.5 Автордың диссертациялық зерттеу барысында ұсынған ғылыми тұжырымдары мен пайымдаулары теориялық және эмпирикалық тұрғыдан негізделген. Зерттеуде повесть жанрының табиғаты мен оның жанрлық-стильдік ерекшеліктері жөніндегі отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми тұжырымдары басшылыққа алынып, олар нақты көркем мәтіндерді талдау нәтижелерімен дәйектелген. Бұрын қалыптасқан әдеби-теориялық тәсілдер қазіргі қазақ повестерін зерттеу нысанына бейімделіп, салыстырмалы, құрылымдық, мифопоэтикалық және цифрлық мәтінтану әдістері арқылы сараланған. Автордың өзіндік әдіснамалық ұстанымдары бұрыннан белгілі ғылыми шешімдермен сабақтастырыла қарастырылып, олардың негізінде жаңа талдау үлгілері ұсынылған. Осыдан диссертациялық зерттеудегі сыни талдау мен автордың өзіндік ғылыми ізденісі айқын көрінеді.
		1) **сыни талдау бар**;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	5.1 Ғылыми нәтижелер мен негізгі тұжырымдар толығымен жаңа болып табылады. Қазіргі қазақ повестерінің жанрлық модификация түрлерін жүйелеу, олардың құрылымдық және стильдік ерекшеліктерін нақты көркем мәтіндер негізінде анықтау жаңа ғылыми нәтижелер ретінде бағаланады. Атап айтқанда, С. Сейфуллиннің «Айша», М. Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы», Д. Исабековтің «Сүйекші», Т. Әбдіктің «Парасат майданы», А. Елгезектің «Болмаған балалық шақ», т.б. повестерін сюжет үлгісі, баяндау формасы, уақыт пен кеңістік көрсеткіштері бойынша салыстыра талдау арқылы жанр эволюциясының ерекшеліктері айқындалды. Сонымен қатар қазіргі қазақ повестеріндегі мистикалық, повесть-эссе, повесть-ертегі, киноповесть, фантастикалық және сатиралық модификациялар жүйеленді.
		1) **толығымен жаңа**;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	5.2 Диссертация қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу нәтижесінде тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ повестерінің жанрлық шекараларының кеңеюі, сюжеттік-композициялық құрылымының күрделенуі, объективті баяндаудан субъективті баяндауға өтуі және психологиялық сипаттың күшеюі туралы тұжырымдар ұсынылған. Е. Тұрысовтың «Шерханның көші», «Кемеңгердің керуені», Е. Аманшаевтың «Балкон», К. Әмірбектің «Есекдәме» сияқты шығармаларды талдау қазіргі повестегі жанрлық синтез бен стильдік ізденістердің жаңа сипат алғанын көрсеткен. Тарихи және әлеуметтік повестерді талдау негізінде қазіргі қазақ
		1) **толығымен жаңа**;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			повесінің тақырыптық ауқымы мен көркемдік мүмкіндіктерінің кеңейгені дәйектелген. Сонымен бірге детективті повестерді сюжеттік кезеңдер бойынша, ал деректі повестерді «деректілік маркерлері» мен «деректілік-көркемдік» картасы негізінде талдау тәсілдерінің ғылыми-әдіснамалық тиімділігі негізделген. Аталған тұжырымдар қазіргі қазақ повесінің жанрлық және стильдік даму заңдылықтарын жүйелі түрде пайымдауға мүмкіндік береді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **<u>толығымен жаңа</u>**; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	5.3 Диссертациялық жұмыста ұсынылған әдістемелік шешімдер толығымен жаңа әрі ғылыми тұрғыдан негізделген. Детективті повестерді сюжеттік кезеңдер бойынша талдау, деректі повестердегі «деректілік маркерлерін» айқындау және «деректілік-көркемдік» картасын жасау тәсілдері ұсынылды. Сонымен қатар Е. Аманшаевтың «Балкон», А. Елгезектің «Болмаған балалық шақ», Қ. Әбілқайырдың «Жылан кегі», Ж. Әнесұлының «Ахаң мен Жахаң салған азаттық жолы» повестерін зерттеуде дәстүрлі әдеби талдауды «Voyant-tools» цифрлық мәтінтану құралымен ұштастыратын аралас талдау үлгісі негізге алынған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **<u>негізделген</u>**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста жасалған барлық негізгі қорытындылар теориялық тұжырымдар мен көркем мәтіндерді жүйелі талдауға негізделген. Диссертант зерттеу барысында салыстырмалы, салыстырмалы-типологиялық, құрылымдық, мифопоэтикалық және цифрлық мәтінтану әдістерін ұштастыра отырып, қазіргі қазақ повестерінің жанрлық және стильдік ерекшеліктерін кең көлемдегі көркемдік материалдар негізінде саралаған. Зерттеу тұжырымдары отандық және шетелдік әдебиеттанудағы теориялық пайымдармен сабақтастырылып, нақты мәтіндік талдаулар мен өзара салыстырулар арқылы дәйектелген. Осыған байланысты диссертацияның негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан ауқымды әрі жеткілікті дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **<u>дәлелденді</u>**; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді;	7.1 Қорғауға ұсынылған негізгі ереже теориялық тұжырымдармен, әдебиеттанулық пайымдаулармен және нақты көркем мәтіндерді кешенді талдау нәтижелерімен толық дәлелденген. Диссертант жанр мен стиль теориясына қатысты отандық және шетелдік зерттеулердегі ғылыми тұжырымдарды негізге ала отырып, қазіргі қазақ повестерінің даму үдерістерін, жанрлық модификациясын және стильдік өзгерістерін жүйелі түрде саралаған. Қорғауға ұсынылған ережелер

		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	диссертацияның әр тарауында талданған көркем шығармалардан алынған нақты мәтіндік деректермен және салыстырмалы, құрылымдық, мифопоэтикалық әрі цифрлық мәтінтану әдістері арқылы жүргізілген талдаулармен дәйектелген. Атап айтқанда, жанрлық модификация түрлерін жүйелеу, стильдік ерекшеліктерді анықтау, сондай-ақ детективті және деректі повестерді талдауға ұсынылған әдістемелік тәсілдер зерттеу барысында алынған нәтижелермен негізделген. Осы ретте қорғауға ұсынылған негізгі ережелердің ғылыми дәйектілігі мен дәлелділігі жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілген.
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

7.2 Қорғауға ұсынылған қағидаттар бұрыннан белгілі ғылыми тұжырымдарды қайталаумен шектелмейді. Олардың ерекшелігі қазіргі қазақ повестерінің жанрлық және стильдік үдерістерін өзара сабақтастықта қарастырып, жанрлық модификация түрлерін жүйелеуінен және оларды талдаудың жаңа әдістемелік үлгілерін ұсынуынан көрінеді. Сонымен қатар дәстүрлі әдеби-теориялық талдаудың цифрлық мәтінтану құралдарымен ұштастырылуы зерттеудің өзіндік әдіснамалық қырын айқындайды. Осы ерекшеліктер қорғауға ұсынылған қағидаттардың тривиалды сипатта еместігін көрсетеді.

7.3 Қорғауға ұсынылған қағидаттар жаңа болып табылады. Олардың жаңалығы қазіргі қазақ повестерін зерттеуде жанр мен стиль мәселелерін өзара сабақтастықта қарастырып, дәстүрлі әдебиеттанулық ұстанымдарды заманауи мәтінтану тәсілдерімен толықтыруынан көрінеді. Зерттеуде ұсынылған жанрлық жіктеу мен әдістемелік үлгілер қазіргі қазақ повестерінің ерекшеліктерін жүйелі зерделеуге бағытталған. Сонымен қатар цифрлық мәтінтану нәтижелерін әдеби-теориялық интерпретациямен сабақтастыру зерттеудің жаңа ғылыми ұстанымын айқындайды.

7.4 Қорғауға ұсынылған қағидаттарды қолдану деңгейі кең. Диссертациялық зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Қазіргі әдеби үдеріс», «Қазақ әдебиетінің тарихы және оны оқыту» пәндерін оқытуда, сондай-ақ арнайы курстар мен семинар сабақтарында пайдалануға болады. Зерттеу нәтижелері қазіргі қазақ прозасын, оның ішінде повесть жанрының жанрлық және

			стильдік ерекшеліктерін зерделеуге бағытталған оқу-әдістемелік жұмыстарда да қолдануға жарамды. 7.5 Қорғауға ұсынылған қағидаттардың ғылыми негізділігі диссертация тақырыбы бойынша Scopus және Web of Science деректер базаларына енетін ғылыми журналдарда жарияланған 2 мақалада және ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған 3 мақалада дәйектелген. Сонымен қатар диссертацияның негізгі нәтижелері 5 халықаралық ғылыми конференцияда баяндалып, ғылыми ортада талқыланған.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	8.1 Диссертациялық зерттеуде әдіснаманы таңдау зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Зерттеу нысаны мен пәнінің ерекшеліктерін ескере отырып, салыстырмалы, салыстырмалы-типологиялық, құрылымдық, мифопоэтикалық және цифрлық мәтінталдау әдістері өзара сабақтастықта тиімді қолданылған. Зерттеудің әдіснамасы повесть жанрын арнайы зерттеген ғалымдардың еңбектерінене көрінеді.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	8.2 Диссертациялық зерттеуде алынған нәтижелер компьютерлік технологияларды және қазіргі заманғы ғылыми зерттеу әдістерін қолдану негізінде алынған. Зерттеу барысында «Voyant Tools» цифрлық мәтінталдау жүйесі пайдаланылып, көркем мәтіндердің лексикалық өзегі, сөз жиілігі, баяндау формасы, эмоциялық тон және мәтін динамикасы сияқты көрсеткіштер сандық тұрғыдан анықталған. Тақырыпты зерттеу барысында қол жеткізген сандық деректер дәстүрлі әдеби-теориялық талдаумен сабақтастырыла отырып, ғылыми тұрғыдан интерпретацияланған.
		1) **ия**;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	8.3. Диссертациялық зерттеуде ұсынылған теориялық қорытындылар мен анықталған заңдылықтар нақты көркем мәтіндерді жүйелі талдау нәтижелерімен дәйектеліп, расталған. Қазіргі қазақ повестерінің жанрлық модификациясы, жанраралық ықпалы, баяндау жүйесі мен стильдік ерекшеліктеріне қатысты тұжырымдар зерттеу нысанына алынған көркем шығармаларды кешенді саралау негізінде айқындалған. Мистикалық, фантастикалық, повесть-эссе, повесть-ертегі, киноповесть, сатиралық, детективті және деректі повестерге жүргізілген талдаулар диссертацияда ұсынылған теориялық тұжырымдар мен заңдылықтардың негізділігін нақтылай түседі
		1) **ия**;	

		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара **расталған** / расталмаған.	8.4 Диссертациялық жұмыстағы маңызды ғылыми мәлімдемелер нақты әрі сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелермен дәйектелген. Зерттеуде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, ұжымдық монографиялар, диссертациялық зерттеулер мен ғылыми басылымдарда жарық көрген мақалалар кеңінен пайдаланылған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	8.5 Диссертациялық зерттеуде тақырыпты ғылыми тұрғыдан ашуға жеткілікті 180 дереккөз пайдаланылған. Пайдаланылған әдебиеттер қатарында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, ғылыми мақалалар, монографиялар, диссертациялық зерттеулер және электрондық дереккөздер қамтылған. Әдебиеттер құрамында тақырыпқа қатысты соңғы бес жылда жарияланған зерттеулердің болуы диссертацияның қазіргі ғылыми ізденістермен сабақтастығын көрсетеді. Отандық және шетелдік ғалымдардың тақырыпқа қатысты зерттеу еңбектерін тақырыпты зерттеуде тиімді пайдаланған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	9.1. Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы қазіргі қазақ повесінің жанрлық табиғаты мен стильдік ерекшеліктерін жүйелеуі арқылы айқындалады. Зерттеу нәтижелері қазіргі повесть жанрын теориялық тұрғыдан зерделеуге қосымша негіз қалыптастырады.
		1) **бар**;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	9.2 Диссертациялық зерттеудің практикалық маңызы жоғары және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі кең. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінде, «Қазіргі қазақ прозасы», «Қазіргі қазақ повестері» пәндері негізінде дәрістік және семинарлық сабақтарда, арнайы курстар мен оқу-әдістемелік материалдар әзірлеуде пайдалануға болады. Сонымен қатар диссертацияда ұсынылған талдау тәсілдері қазіргі қазақ прозасын зерттеу тәжірибесіне енгізуге негіз болады.
		1) **ия**;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	9.3 Диссертациялық жұмыста ұсынылған практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. М. Анарбекұлының «Шымкенттегі шырғалаң», А. Хонждың «Екеудің көлеңкесі» повестерін талдау негізінде детективті шығармалардың сюжеттік кезеңдер бойынша саралау үлгісі жасалған. О.С.Төреніязовтың «Өнегелі өмір», Б.Ілиясов пен Д.Шалқаровтың «Ерлікке толы ғұмыр», К.Сегізбайұлының «Қарттарым, қайран қарттарым» атты деректі повестерін зерттеу барысында «деректілік маркерлерін» анықтау және «деректілік-
		1) **толығымен жаңа**;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			көркемдік» картасын жасау тәсілдері негізделген. Сонымен қатар повестің стильдік ерекшеліктерін айқындауда дәстүрлі әдеби талдауды цифрлық мәтінталдау нәтижелерімен ұштастыру тәжірибесі көрсетілген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары. Ғылыми жұмыс диссертациялық зерттеулерге қойылатын академиялық талаптарға сәйкес жазылып, ғылыми стиль, терминологиялық бірізділік және мәтіннің құрылымдық жүйелілігі сақталған. Пайдаланылған ғылыми дереккөздерге сілтемелер, әдебиеттер тізімі, белгілеулер мен қысқартулар талапқа сай ресімделген. Зерттеу мәтініндегі теориялық пайымдар мен талдау нәтижелері ғылыми тіл нормаларына сәйкес жүйелі әрі дәйекті баяндалған.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертациялық жұмыстың жалпы ғылыми деңгейі мен негізгі нәтижелеріне нұқсан келтірмейтін, ұсыныстық сипаттағы жекелеген ескертулер бар: 1. Жанрлық модификация түрлерін қарастыру барысында кейбір теориялық ұғымдардың арақатынасын жекелеген тұстарда нақтылай түсу зерттеудің теориялық жүйелілігін арттыра түсер еді. 2. Диссертация мәтінін түпкілікті редакциялау барысында кейбір ұсақ техникалық тұстарды біріздендіру жұмыстың ресімделу сапасын одан әрі жетілдіре түседі деп есептеймін. Аталған ескертулер диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы мен негізгі нәтижелеріне әсер етпейді.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған мақалаларының ғылыми деңгейі жоғары. Диссертация тақырыбы бойынша жарияланған 10 ғылыми жұмыста қазіргі қазақ повесінің жанрлық ерекшеліктері, мазмұндық және құрылымдық ізденістері, мистикалық және детективті повестердің табиғаты, повестің микропоэтикасы мен стильдік ерекшеліктері, сондай-ақ цифрлық мәтінтану әдістерін әдеби шығармаларды зерттеуде қолдану мәселелері қарастырылған. Жарияланымдарда диссертациялық зерттеудің негізгі ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары кезең-кезеңімен дәйектеліп, зерттеу тақырыбының жекелеген бағыттары ғылыми айналымға енгізілген. Диссертацияның негізгі мазмұны отандық және шетелдік ғылыми журналдарда жарияланып, конференцияларда баяндалған. Зерттеу нәтижелері: – Scopus/Web of Science деректер базаларына енетін ғылыми журналдарда – 2 мақала; – ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 3 мақала; – халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында – 5 мақала түрінде жарияланған. Аталған жарияланымдар диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелерінің ғылыми басылымдарда жүйелі түрде апробациядан өткенін көрсетеді.	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі	Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес Мансурова Эльнара Жолдашқызының 8D02304 – «Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазіргі қазақ повестеріндегі	

	ереженің 28-тармағына сәйкес)	жанрлық және стильдік ізденістер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы – алдына қойылған мақсаты мен міндеттеріне толық қол жеткізген, ғылыми жаңалығы мен теориялық-практикалық маңызы айқын, аяқталған ғылыми зерттеу.

Шешім: Мансурова Эльнара Жолдашқызының 8D02304 – «Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазіргі қазақ повестеріндегі жанрлық және стильдік ізденістер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады.

Ресми рецензент:
«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ
Қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филол.ғ.к. **К.С. Әбдіқалық**